

Астрахан ауданы Первомай ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 тамызда № 6761 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, ауыл халқының пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Первомай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астрахан ауданы Первомай ауылының құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) Комсомольская көшесін - Жастар көшесіне;
- 2) РТС көшесін - Жеңіс көшесіне;
- 3) РТС № 1 тұйық көшесі көшесін - Достық көшесіне;
- 4) РТС № 2 тұйық көшесі көшесін - Еңбек көшесіне;
- 5) РТС № 3 тұйық көшесі көшесін - Береке көшесіне;
- 6) РТС № 4 тұйық көшесі көшесін - Батыс көшесіне;
- 7) РТС № 5 тұйық көшесі көшесін - Бірлік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Первомай ауылдық
округінің әкімі*

В.Дембицкий